



№7 Хромтау мектеп-гимназия
«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен
жасөспірімдер ұйымы кеңесінің отырысы.

Мерзімі: 09 қыркүйек 20 22 ж

Хаттама №1

Кеңес төрайымы: Иванова Р.С.

Кеңеске қатысушылар саны:

Қаралатын мәселелер:

1. Жаңа оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру
2. Ұлан басшысын, секторларды бекіту.
3. Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне әзірлік жұмыстары.

«Отбасы – бақыт мекені» апталығына дайындық

Кеңес отырысын тәлімгер Иванова Р.С. бастап, мектептегі «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Және оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтады. Биылғы оқу жылында үлкен жетістіктерге жетуіне, сабақты жақсы оқуларына тілек білдірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша биылғы оқу жылында мектеп президентігіне үміткерлерді атап өтті. Олар: Жаппақова Таңшолпан, Серік Мадина, Есентүгел Мадина, Жомартов Қуанған, Мергенова Айым, Орынбасарова Диляра, Сәндібек Алима, Дельманова Карина, Абдразакова Сабина, Жалғас Диас.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Қазақстан халықтарының тілдері мерекесіне арналған іс-шара бағдарламасымен таныстырып өтті. Іс-шара бағдарламасы бойынша тапсырмалар бөлініп берілді.

Әр топтың тазалық секторларына сынып бөлмелерін таза ұстау, сынып кезекшілігін тиесілі деңгейде атқару тапсырылып, оқушылардың мектеп формасы мен жеке бас гигиенасын сақтау қатаң ескертілді.

Шешім: Ұланбасы сайлауы өз мәнінде өткізіліп, дауыс беруге барлық сыныптар қатыстырылсын. Жоғарыда бекітілген тапсырмалардың орындалу барысы топ басшыларына жүктелінсін.

Топ басшыларының жұмысы Ұлан басшысы тарапынан бақылауға алынсын.

Кеңес хатшысы:

Сәндібек Алима



№.7 Хромтау мектеп-гимназия
«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен
жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы.

Мерзімі: 16 қыркүйек 20 22 ж

Хаттама №2

Кеңес торайымы: Иванова Р.С.

Кеңеске қатысушылар саны:

Қаралатын мәселелер:

1. «Жас Ұлан» ұйымының стендін безендіру
2. «Мен және жол» тақырыбына ұйымдастырылатын сурет байқауын талқылау
3. Ұйымның келе жатқан аптада өтетін шарасы туралы талқылау


1. Бұл сұрақ бойынша аға тәлімгер Асылқазықызы Сәнім сөз сөйледі. Ол стендті безендіруге көп теген ұсыныстар айтты. Ол стендті жаңа заманға сай безендіруді айтты. Ол ұйым мүшелеріне стендті осы аптадағы безендіруіне тапсырмалар тапсырды. Ал қатысушылар бұл ұсынысты құптап, осыған байланысты жұмыс жасауға келісті.

2. Екінші тақырып бойынша 9 сынып оқушылары Айгалка Нурислам мен Доскина Халима сөз сөйледі. Олар шараны қандай деңгейде өткізуге болатындығы, қалай өткізетіні туралы айтып кетті. Олардың ойлары 1-4 класс оқушылары арасында осы тақырыпты тек сурет байқауымен шектеліп қоймай жол ережелеріне байланысты түрлі шараларды өткізу жайлы ұсыныс тастады.

3. Үшінші сұрақ бойынша аға тәлімгер Асылқазықызы Сәнім сөз сөйледі. Ол алдағы өткен аптаны қорытындылап, осы келе жатқан аптадағы сыныптан тыс шараның тақырыбын хабарлады. Аға тәлімгер алдағы аптада интеллектуалды ойын тақырыбында ой тастады.

Шешім:

Стенд безендірілуіне және өткізілетін шараларға дайындық басталсын. Интеллектуалды ойынға байланысты шара жүктеліп алдағы дүйсенбі күні барысын көрсету тапсырылды.

Кеңес хатшысы: 

Сәндібек Алима



№7 Хромтау мектеп-гимназия
«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірінғай балалар мен
жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы.

Мерзімі: 13 қыркүйек 2022 ж

Хаттама №3

Кеңес торайымы: Асылқазықызы С.

Кеңеске қатысушылар саны

Қаралатын мәселелер:

1. Осы аптада өтетін шара жайын талқылау
2. Ұйым мүшелерін толықтыру
3. Әртүрлі


1. Бірінші сұрақ бойынша Бахитов Райымбек пен Замзенова Асем сөз сөйледі. Олар алда болатын шара жайында ойларымен бөлісті. Олар тақырыпты «Интеллектуалды марафон» деп алып кезең бойынша байқау ұйымдастыратынын айтты. Бұл байқауға барлық пәнді кірістірген, байқау жазбаша және ауысша өтетінін де айта кетті. Аға тәлімгер бұл ойларын құптап оларға келісім берді.

2. Екінші сұрақ бойынша аға тәлімгер Асылқазықызы Сәнім сөз сөйледі. Ол ұйым мүшелерін қайта сайлауды ұсынды және де жаңа қағидалар мен тәртіптер құруды айтты. Парламенттің мәдениет, жарнама бөлімдерін қайта сайлауды ұсынды, дәл осы отырыста бұл орынға екі ұйым мүшелері қабылданды.

3. Үшінші сұрақ бойынша Ұлан басы Сәндібек Алима сөз сөйледі. Ол апта сайын немесе айына бір рет би кешін немесе кинофильм көруді ұсынды. Барлық қатысушыларда өз ойларын айта кетті. Аға тәлімгер Иванова Р.С. осы ұсынысты тыңдау арқылы қорытынды шығарды. Ол мектепте би кешін өткізіп тұруға қарсы болмады. Би кешіне 2 сағат уақыт бөлініп күн режиміне бекітті.

Шешім:

Осы аптадағы шараны бекітіп өткізуге жіберілсын. Жаңадан сайланған ұйым мүшелерінің жұмысы қадағалансын. Әртүрлі тақырып бойынша би кешін өткізіліп тұру жоспарға енгізілсін.

Кеңес хатшысы: 

Сәндібек Алима



№4 Хромтау мектеп-гимназия
«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен
жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы.

Мерзімі: 30 қыркүйек ___ 20 22 ж

Хаттама №4
Кеңес төрайымы: Иванова Р.С.
Кеңеске қатысушылар саны:


Қаралатын мәселелер:

1. Өткен аптаны қорытындылау
2. Қазан айындағы жоспармен таныстыру
3. Ұстаздар күнін талқылау

1. Бірінші сұрақ бойынша аға тәлімгер алдағы аптада өткен шараның өту барысын қорытындылап бағалады. Шараның тақырыбы балаларға түсінікті және қажетті көрнекіліктерімен безендірілуі, қатысушылары туралы айта кетіп тамаша деп бағалады. Осыған байланысты ұйымдастырушылар да қандай мақсатпен өткізгенін айта кетті, шараға барлығы 8 қатысушы қатысты. Шара тур бойынша өткенін айта отырды. Әділ қазылар да шара туралы өз пікірлерін айтты. Жалпы шара өте жақсы деп бағаланды.
2. Екінші сұрақ бойынша аға тәлімгер Асылқазықызы Сәнім сөз сөйледі. Ол қазан айында өткізілетін шаралар туралы айтты. Жалпы қазан айында 4 шара өткізу керектігін ескерте кетті. Жалпы өткізілетін шаралардың бірі пәндік, екіншісі акция, үшіншісі концерттік, төртіншісі апта байқауы бойынша өткізу керектігін айта кетті.
3. Үшінші сұрақ бойынша ұйым мүшесі Шохан Ислам сөз сөйледі. Ол ұстаздар күніне орай концерттік бағдарлама өткізуді ұсынды. Концерттік бағдарламаға барлық сыныптарды қамту керектігін де айта кетіп. Аға тәлімгер Асылқазықызы Сәнім бұл ұсыныстыда жоспарға енгізіп, шараның тапсырмаларын сол жерде бірден жазып алып әр сыныпқа бөліп берді. Шараны «Руханият» бағытының жетекшілеріне, ал безендірілуі жағын «Зерде» бағытының жетекшілеріне жүктелді.

Шешім:

Ұстаз күніне орай мерекелік концертті Рысаев Ислам, Доскина Халима, Измуханова Қарақат, Кендаулетов Диасқа жүктеліп дайындықты жұмаі күнге дейін аяқтасын.

Кеңес хатшысы: 

Сәндібек Алима



№7 Хромтау мектеп-гимназия
«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен
жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы.

Мерзімі: Қазан _____ 20 22 ж

Хаттама №5

Кеңес төрайымы: Иванова Р.С.

Кеңеске қатысушылар саны:


Отырыста мынандай мәселелер қаралып талқыланды.

1. Қазан айының жоспарымен таныстыру.
2. Қарттар күніне қамқорлық акциясы
3. Ұстаздар мерекесін атап өту.
4. Әр түрлі мәселелер

Кеңес отырысында мектептің аға тәлімгері Иванова Р.С. қазан айына арналған іс-жоспарымен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қарттар күні мен Ұстаздар мерекесіне арналған іс-шара бағдарламасымен таныстырып өтті. Іс-шара бағдарламасы бойынша тапсырмалар берілді. Қарттар күніне орай «Қолғанат» тобы жалғысбасты ардагер – ұстаз Саукенова Нүрила апаны құттықтап, шептік көмек көрсету тапсырмасы берілді. Берілген тапсырмалардың орындалуын қадағалау Ұланбасы Ибраева Айнұрға жүктелінді. Ұстаздар күніне іс-шара өтетін орынды безендіру бөлімбасыларға жүктелінді. Мерекелік кештерге ардагерлерді шақыру, кездесу өткізу керектігін айтып өтті

Шешім: Қыркүйек айында атқарылған іс-шаралар қанағаттанарлық деп есептелінді. Қарттар күніне арналған, ұстаздар күніне арналған іс –шаралардың уақытында өтілуі ұланбасы Ибраева айнұрға жүктелінсін. Жоспар бойынша алдағы уақытта қарқынды жұмыс жүргізілуін қолға алатын болып шешім қабылданды.

Кеңес хатшысы: 

Сәндібек Алима



№7 Хромтау мектеп-гимназия
«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен
жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы.

Мерзімі: 4 қазан _____ 20 22 ж

Хаттама №6

Кеңес төрайымы: Иванова Р.С.

Кеңеске қатысушылар саны:

Қаралатын мәселелер:

1. Ұстаздар күніне орай «Қалдырған ізің мәңгілік» атты шараны талқылау
2. Қыркүйек айына қорытынды шығару
3. Алдағы шараның тақырыбын анықтау

1. Бірінші сұрақ бойынша Доскина Халима мен Рысаев Ислам сөз сөйледі. Олар шараны қорытындылап, барысын айтып өтті. Шараға барлық сынып қамтылғанын және әр сыныпқа жүктелген тапсырмалары ордалғанын айта өтті. Шараның жаңа заманаға сай безендірілгендігін айтты. Аға тәлімгер Иванова Р.С. бұлардың сөздерін тыңдап болып осы сұрақ бойынша қорытынды жасады. Ұстаз күніне орай шараға белсене араласқан кластар алғыс хатпен марапатталу керектігін атап өтті.

2. Екінші сұрақ бойынша Ұлан бысының орынбасары Ибраева Айнұр сөз сөйледі. Ол қыркүйек айында өткізген шаралары мен жиналыстарды қорытындылай келе бір қағырға газетін шығаруды ұсынды. Ол қабырға газетіне қыркүйек айында өткізген шаралардан үзінділерді алуды айтты. Бұл сұрақта мақұлданды.

3. Үшінші сұрақ бойынша аға тәлімгер Асылқазықызы Сәнім сөз сөйледі. Ол қыркүйек айынын қорытындылады. Ол қыркүйек айында ұйымдастырған ұйымдастырушыларды алғыс хатпен марапаттап рахметтерін айтты. Қорытындылауды «Жас Ұлан» ұйымының әнұранымен қорытындылады.

Шешім:

Ұстаз күніне орай шараға белсене араласқан кластар алғыс хатпен марапатталсын.

.Қабырға газеті шығарылсын. Қыркүйек айын қорытындылап белсенділер марапатталсын.

Кеңес хатшысы:

Сәндібек Алима



№7 Хромтау мектеп-гимназиясы
«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен
жасөспірімдер
ұйымы кеңесінің отырысы.

Мерзімі: Қараша _____ 20 22 ж

Хаттама №9
Кеңес төрайымы: Иванова Р.С.
Кеңеске қатысушылар саны:

Қаралатын мәселелер:

1. Стендті безендіру
2. Қазан айына қорытынды жасау
3. Қараша айының жоспарымен таныстыру

1. Бірінші сұрақ бойынша Сәндібек Алима сөз сөйледі. Ол стендті безендіруге тағы бір бағыт қойып сол бойынша материалдар салып тұруды ұсынды. Ол мектептің тәртібі жөнінде ой қозғады. Ұйым мүшелерінің барлығы дерлік осы ұсынысқа өз ойларын жеткізіп, ұсынысты қабылдады. Аға тәлімгер Асылқазықызы Сәнім стендке байланысты бір ұсыныс тастады. Ол ұсыныс стендті тек мәдениет пен редколега бөліміне жүктеуді ұсынды. Осы тақырып аясында біраз талқыланып, ұйым мүшелері біраз өз ойларын айтты. Аға тәлімгер осылардың бәрін қорытындылай келе мәдениет пен редколега бөліміне жүктеді.

2. Екінші сұрақ бойынша аға тәлімгер Иванова Р.С. сөз сөйледі. Ол қазан айында өткізілген 4 бағытты айта отырып осы бағыттар аясында өткізген жұмыстарына байланысты ұйымдастырушыларды мадақтап отырды.

3. Үшінші сұрақ бойынша аға тәлімгер Асылқазықызы Сәнім сөз сөйледі. Ол қазан айында өткізілетін шаралардың бағыттары бойынша түсіндіре кетті. Ол бірінші бағыты қамқорлық яғни акция өткізу болды. Ауа райына байланысты қарт адамдардың үйіне барып үй жұмыстарына жәрдем беріп қол ұшын тигізу болды. Ал екінші бағыты бойынша концерттік кеш өткізу болды. Үшінші бағыт бойынша пәндік олимпиаданы жалғастыруды айтты. Аға тәлімгердің қараша айына жоспарлаған үш бағыты болды.

Шешім:

Стенді безендіру әрі қарай жалғасын тапсын. Қазан айына қорытынды жасалып, ұйымдастырған оқушыларды мадақталсын. Алдағы уақыттағы шараның үш бағыты талқылансын.

Кеңес хатшысы:

Сәндібек Алима